





- Инфекционды аурулардың диагностикалық әдісінің ішіндегі ең қымбат және қиын әдіс болып табылады.
- Жағымды жағы: зерттеудің жоғары спецификалығы, микроорганизмге терапиялық әсерін және эффективтілігін лабораторлы бақылау мүмкіншілігі.
- Жағымсыз жағы: зерттеу ұзақ уақытты талап етеді, материалды жинауға жоғары талап, лаборатория медперсоналдарының квалификациясына жоғары талап.
- Бактериологиялық материалды алуға арналған негізгі талаптар:
  1. Материалды этиотропты емді бастамай тұрып алу
  2. Материалды жинауда стерильділікті сақтау
  3. Материалды жинаудың техникалық дұрыстығы

- 4. Материалды жеткілікті көлемде алу
- Температуралық режимді және дұрыс транспартировкуны қамтамасыз ету
- Материалды жинау мен тығыз өнімді ортаға себудің арасында минималды уақыт болу
- Транспартировка материалды алған соң 1-2 сағ ішінде жасалу керек

- Бактериологиялық әдіс қоздырғышты қаннан, жұлын сұйықтығынан, қақырықтан, араңнан шырыш, зәр, өттен, летальды жағдайда-орган бөліндісінен қоздырғышты бөлуге арналған әдіс және оны арнайы қоректік ортаға себеді. Бактериологиялық әдіс дифтериялық бактерияны анықтауға мұрыннан және араңнан шырышты щерттеуге, ішек инфекциясының қоздырғышын анықтауға (холера, дизентерия, сальмонеллез, эшерихиоз т.б.) науқастың нәжісінен материал алады. Зерттеу аурудың алғашқы сағаттарында немесе алғашқы күнінде оң нәтиже береді. Көп инфекцияда ауруларда нәтижесі 2-4 күннен соң белгілі болады, ал бруцеллез, туберкулезде 3-4 аптадан соң белгілі болады. Ол микроорганизмнің өсу және идентификация уақытына байланысты.

- **Қанды зерттеуге** температура жоғарылаған кезде, лихорадка пайда болуының алдында алу керек. 3-4 қан пробасын зерттеу керек 4-6 сағ интервалмен алынған. Үлкендерде көлемі 10мл, балаларда 5мл минимум 2 флаконға аэробы және анаэробты 1:10 қатынасымен алады.
- **Жұлын сұйықтығын люмбальды пункция жасап алады** 1-2мл құрғақ стерильды пробиркаға.
- **Нәжісті** стерильды ағаш шпателімен алады 3-5г. Материал алған соң 2 сағ ішінде зерттеу жасау керек.
- **Зәр** 3-5мл алынады.
- **Өтті** дуоденальды зерттеу кезінде процедуралық кабинетте А,В,С Порциясымен үш стерильды пробиркаға алынады.
- **Асқазан шайындысы 20-50мл**
- **Қақырық** таңертеңгі қақырықты жөтелу приступы кезінде алады, оның алдында науқас тісін тазалайды, аузын қайнаған сумен шаяды қалдық тамақты механикалық кетіру үшін

- **Жұтқыншақ, ауыз, мұрыннан алынған бөлінділер:** ауыз қуысынан материал ашқарынға немесе тамақ ішкен соң 2сағ соң стерильді ваталық тампонмен немесе қасықпен сілекей безіне кіру жолынан, шырышты қабаттан, тілдің беткейінен және жарадан алады. Пленка болса оны стерильды пинцетпен алады. Мұрын қуысынан материалды стерильды арқыжұтқыншықтыө ваталық тампонмен алады, ол мұрын қуысы арқылы мұрынжұтқыншақ қуысына енгізіледі. Дифтерияны зерттеу үшін пленканы және жұтқыншақтан, мұрыннан шырышты зерттейді және материалды әртүрлі тампонмен алады.





